Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____**

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Ақбастау" бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

**1. Шарттың мәні**

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес «Ақбастау» БК» АҚ «Құланды» кенішінде 2 автокөлікке арналған автокөлік жуу орнының құрылысы» объектісінің құрылысына техникалық қадағалау қызметтерін көрсетуге (бұдан әрі – Қызметтер) міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Қызметтерді қабылдауға және осы Шарт талаптарымен төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде тізімделген қосымшалар және оларда қамтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.2.1. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі - Шартқа № 1 Қосымша;

1.2.2. Техническая спецификация – Приложение № 2 к Договору;

1.2.3. Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердегі ішкі ел құндылығының үлесін болжамды/нақты есептеу – Шартқа № 3 Қосымша;

1.2.4. Контрагенттің сауалнамасы – Шартқа № 4 Қосымша;

1.2.5. Көрсетілген қызметтер Актысы – Шартқа № 5 Қосымша.

1.2.6. «Ақбастау» БК» АҚ-ның жеткізушілер мен мердігерлер Кодексі – Шартқа № 6 Қосымша;

1.2.7. «Ақбастау» БК» АҚ нысандарында әртүрлі жұмыстар түрлерін орындауға тартылатын мердігер ұйымдарға қойылатын өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптар – Шартқа № 7 Қосымша;

1.2.8. «Құланды» кенішінің аумағына кіруге өтінім – Шартқа № 8 Қосымша;

1.2.9. «Құланды» кенішінде тұру бойынша қызметтердің бағалар прейскуранты – Шартқа № 9 Қосымша;

1.2.10. ESG Сауалнама-анкетасы – осы Шартқа № 10 Қосымша.

**2. Шарт сомасы және төлем шарттары**

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Орындалған Жұмыстар үшін ақы аралық есеп айырысу тәртібімен жүргізіледі.

2.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт шеңберінде көрсетілген қызметтердің бүкіл көлеміне ішкі ел құндылығының есебі электронды құжат нысанында (сатып алуды электронды өткізуді қамтамасыз ететін "Самұрық-Қазына" АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) көрсетілген қызметтердің қорытынды Актысымен бірге беріледі);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.4.2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген және тауарларды өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес, сондай-ақ осындай күннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Көрсетілген қызметтер Актысының негізінде жазылған шот-фактура;

2.4.3. Тараптар қол қойған, веб-порталдағы электронды құжат нысанындағы көрсетілген қызметтердің Актысы/Акталары, онда қоса берілген Көрсетілген қызметтер Актысына сәйкес «айналым жасалған күн» ретінде күн көрсетілген;

2.4.4. Тараптар қол қойған көрсетілген қызметтер Актысы (қағаз жеткізгіштегі Р-1 нысаны).

2.5. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.6. Мердігер тарапынан Шарттың 2.5-тармағында көзделген құжаттар ұсынылмаған немесе тиісті түрде ресімделмеген құжаттар ұсынылған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер тарапынан жетіспейтін құжаттар ұсынылғанға дейін (құжаттарды ресімдеудегі бұзушылықтар жойылғанға дейін) Шарт бойынша төлемді жүзеге асырмауға құқылы. Бұл ретте Шарт бойынша төлем Тапсырыс беруші тарапынан Мердігер жетіспейтін (тиісті түрде ресімделген) құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

2.7. Төлемге арналған құжаттар пакетін Мердігердің уақытылы ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемді кешіктіру үшін Тапсырыс беруші жауаптылықта болмайды.

2.8. Тараптардың мекенжайы немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тараптардың әрқайсысы тиісті өзгерістер туралы бір-бірін жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндеттенеді. Мұндай хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену күні көрсетілген болса, көрсетілген күнінен бастап күшіне енеді, осы күндердің қайсы кейінірек болса, соған байланысты.

2.9. Осы Шарт шеңберінде кез келген төлемді жүзеге асыру күні деп тиісті соманың осы Шарттың 18-бабында көрсетілген Тараптың шотына түскен күні есептеледі.

2.10. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүзеге асырғаннан кейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру Актысына қол қояды. Мердігер Тапсырыс берушіден оны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру Актысына қол қойып, Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді.

2.11. Қызметтерді көрсету кезінде төленетін салықтарға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

**3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары**

3.1. Қызметтердің орны, басталу және аяқталу мерзімдері, көлемі мен мазмұны осы Шартқа № 1, № 2 Қосымшалармен айқындалады.

3.2. Орындаушы Қызметтерді осы Шарттың талаптарына, осы Шартқа № 1, № 2 Қосымшалардың талаптарына сәйкес, сондай-ақ Қызметтерді көрсетуге қолданылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып көрсетуге міндетті.

3.3. Қызметтерді көрсете бастағанға дейін 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шартқа № 8 Қосымшамен белгіленген нысан бойынша «Құланды» кен орнының аумағына рұқсат ресімдеуге өтінім ұсынуға міндетті. Өтінімде мыналар болуы тиіс:

3.3.1. Мердігердің қызметкерлерінің тізімі, жауапты тұлғалар туралы мәліметтер, оның ішінде, бірақ шектелмей, жұмыс және ұялы телефон нөмірлері;

3.3.2. Тапсырыс берушінің аумағына әкелінетін материалдардың, машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, құралдардың және өзге де мүліктің толық тізбесі;

3.3.3. Қызметтер көрсету кезеңінде Мердігердің қызметкерлері тұратын жер туралы мәліметтер (кен орнының вахталық кенті, мердігер ұйымның вахталық лагері немесе кен орнының аумағынан тыс). Тапсырыс берушінің аумағына Мердігердің қызметкерлерінің жеке авто-көлігімен кіруге, сондай-ақ өтінімде көрсетілмеген тұлғалардың Тапсырыс берушінің аумағында болуына, егер Тапсырыс берушімен өзгеше жазбаша түрде келісілмесе, жол берілмейді. Қызметтер көрсету аяқталғаннан кейін Мердігер Тапсырыс берушіге жұмсалмаған материалдардың, машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, құралдардың, қалдықтардың және Тапсырыс берушінің аумағынан шығарылуға жататын өзге де мүліктің тізбесін ұсынуға міндетті. Көрсетілген мүлікті шығару Мердігер тарапынан Тапсырыс берушінің жазбаша талабын алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде және өз есебінен жүзеге асырылады, бірақ Тараптар өзгеше келіспеген жағдайда, Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің түпкілікті Актісіне қол қойғанға дейін емес. Мердігерге тиесілі емес, не Тапсырыс берушіге немесе үшінші тұлғаларға тиесілі материалдарды, жабдықтарды, құралдарды немесе өзге де мүлікті Тапсырыс берушінің аумағынан шығаруға тыйым салынады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.4. Орындаушы қызметкерлерді, көлік құралдарын, материалдарды, жабдықтарды, құрал-саймандарды және өзге де мүлікті Тапсырыс берушінің аумағына кіргізу үшін қажетті құжаттарды уақтылы рәсімдеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс беруші белгілеген өткізу және объектішілік режимді сақтауға міндетті.

3.5. Қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушіге пайдаланылмаған материалдардың, машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, құралдардың, қалдықтардың және Тапсырыс берушінің аумағынан шығарылуға жататын өзге мүліктің тізбесін ұсынуға міндетті. Аталған мүлікті шығаруды Орындаушы өз есебінен Тапсырыс берушінің жазбаша талабын алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, бірақ Тараптар өзгеше келіспесе, Тапсырыс беруші Қызметтер көрсетілгені туралы түпкілікті Актіге қол қойғаннан кейін жүзеге асырады.

3.6. Тапсырыс берушінің аумағынан Орындаушыға тиесілі емес не Тапсырыс берушіге немесе үшінші тұлғаларға тиесілі материалдарды, жабдықтарды, құрал-саймандарды немесе өзге де мүлікті әкетуге тыйым салынады.

3.7. Қызметтер, көрсетілген Қызметтер осы Шарттың талаптарына және осы Шартқа № 1, № 2 Қосымшалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметтер көрсетілгені туралы Актіге қол қойған күннен бастап тиісінше көрсетілді деп есептеледі.

## 4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеуді (Веб-порталда ұсынылады) Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға; Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады.

4.1.3. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге сұралатын барлық ақпаратты көрсете отырып, тиісті түрде толтырылған Контрагенттің сауалнамасын осы Шартқа № 4 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыну (Шарттың 15.3-тармағында көрсетілген ұйымдарға, сондай-ақ Шарт жасалған күнге дейінгі 12 күнтізбелік ай ішінде Контрагенттің сауалнамасын Тапсырыс берушінің мекенжайына жолдаған жағдайда қолданылмайды), электрондық пошта арқылы: anketa@akbastau.kazatomprom.kz.

4.1.4. Орындаушы осы Шартқа қол қойғанға дейін осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 6 Қосымшаға сәйкес «Ақбастау БК» АҚ Жеткізушілер мен мердігерлер кодексімен (бұдан әрі – Кодекс) танысқанын, оның талаптарын түсінетінін және қабылдайтынын және осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде оларды сақтауға міндеттенетінін растайды. Орындаушы сондай-ақ Кодекс талаптарымен өз қызметкерлерін, өкілдерін және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартатын өзге де тұлғаларды таныстыруға және көрсетілген тұлғалардың оларды сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.1.5. Орындаушы осы Шартқа қол қойғанға дейін осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 7 Қосымшаға сәйкес «Ақбастау БК» АҚ объектілерінде жұмыстардың түрлі түрлеріне тартылатын мердігерлік ұйымдарға қойылатын өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптармен» (бұдан әрі – Талаптар) танысқанын, олардың ережелерін түсінетінін және қабылдайтынын және осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Талаптарды сақтауға міндеттенетінін растайды. Орындаушы сондай-ақ Талаптармен өз қызметкерлерін, өкілдерін және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартатын өзге де тұлғаларды оларды Тапсырыс берушінің объектілеріне жібергенге дейін таныстыруға және олардың белгіленген Талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.1.6. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.7. Қызметтерді білікті мамандармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен көрсету.

4.1.8. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.9. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.10. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ескертуге;

4.1.11. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.12. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.13. Орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін Қызметтер тізбесінде қызметтер болған жағдайда сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің Тараптардың көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын(іске асыратын) ұйымнан, Тауарларды қабылдап алу-тапсыру актілерінің көшірмелерін қол қойған күнге дейін ұсынуы өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанының растауы болады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(тауарлар) бағасынан төмен тауарды(тауарларды) қабылдап алу-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады.

4.1.14. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түріндегі шарттың жалпы құнынан % 3 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші биржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан биржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт биржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан биржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.15. Қызметтерді көрсету кезінде Мердігер Тапсырыс берушіде енгізілген және қолданылып жүрген менеджмент жүйелерінің талаптарын, атап айтқанда, сақтауға міндетті:

4.1.15.1. ISO 14001:2015 Қоршаған ортаны менеджмент жүйесі;

4.1.15.2. ISO 45001:2018 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік менеджменті жүйесі;

4.1.15.3. СТ ҚР ISO 37001-2025 Пара берумен күрес менеджменті жүйесі.

4.1.16. Тапсырыс берушінің тиісті жазбаша сұрауын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Қызметтер көрсету барысы туралы ақпаратты, соның ішінде олардың орындалу дәрежесі, Қызметтер көрсету мерзімі мен сапасына әсер ететін туындайтын мән-жайлар туралы мәліметтерді, сондай-ақ іс жүзінде көрсетілген Қызметтердің көлемін, сапасын және нәтижелерін растайтын құжаттар мен өзге де материалдарды ұсыну.

4.1.17. Шарт бойынша Қызметтер көрсету аяқталған күннен бастап немесе Тапсырыс берушінің жазбаша сұрауын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Шартты орындау үшін алынған барлық құжаттарды, материалдарды, ақпаратты, олардың көшірмелерін (бар болса) және өзге де жеткізгіштерді, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды, құжаттаманы, сызбаларды, жоспарларды, схемаларды, техникалық материалдарды және Тапсырыс берушіге тиесілі өзге де ақпаратты Тапсырыс берушіге қайтару.

4.1.18. Осы Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезінде пайдаланылатын жабдықтардың, механизмдердің және өзге де техникалық құралдардың тиісті техникалық жай-күйін өз есебінен қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге, диагностикаға, ағымдағы және күрделі жөндеуге, шығыс материалдарын, қосалқы бөлшектерді ауыстыруға және ақауларды жоюға байланысты барлық шығыстарды көтеру, көрсетілген шығыстарды өтеу туралы Тапсырыс берушіге қандай да бір қосымша талаптар қоймай.

4.1.19. Тапсырыс берушінің жазбаша талабын алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде осы Шартты орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты орындауға байланысты Тапсырыс берушінің аумағында болған кезеңде Мердігердің, оның қызметкерлерінің,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өкілдерінің, тартылған тұлғалардың және (немесе) субмердігерлердің іс-әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) салдарынан Тапсырыс берушіге, оның мүлкіне немесе үшінші тұлғаларға келтірілген залалды толық көлемде өтеу. Залалды өтеу Мердігердің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Бұл ретте Тапсырыс беруші келтірілген залал сомасын осы Шарт бойынша Мердігерге төленуге жататын ақша қаражатынан біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы. Егер келтірілген залал сомасы осы Шарт бойынша Мердігерге төленуге жататын ақша қаражатының мөлшерінен асса, Мердігер залалдың қалған сомасын осы тармақшада белгіленген мерзімде өтеуге міндетті.

4.1.20. Тапсырыс беруші Мердігерге «Құланды» кен орнында тұру бойынша қызметтер көрсеткен жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шартқа № 9 Қосымшада көрсетілген баға прейскурантына сәйкес іс жүзінде көрсетілген тұру қызметтерінің құнын өтеуге міндетті. Тұру аяқталғаннан кейін Мердігер берілген үй-жайларды босатуға, өзіне тиесілі мүлікті шығаруға, тұрғын үйлерді одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіруге және Тапсырыс берушіге келтірілген залалды (бар болса) өтеуге міндетті. Мердігер Тапсырыс берушіге тұру бойынша соманы, сондай-ақ келтірілген залал сомасын осы Шарт бойынша Мердігерге төленуге жататын кез келген ақша қаражатынан Мердігердің қосымша келісімін алу қажеттілігінсіз ұстап қалу құқығын береді.

4.1.21. Мердігердің персоналын, жабдықтарын, механизмдерін, материалдарын, қосалқы бөлшектерін және өзге де қажетті құралдарын Қызметтер көрсету орнына дейін және кері тасымалдауды өз есебінен жүзеге асыру. Мердігер Қызметтер көрсету орнында үздіксіз, уақтылы және сапалы Қызметтер көрсетуді тоқтап тұруларсыз қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде жабдықтардың, механизмдердің, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, шығыс материалдарының, құралдардың және өзге де техникалық құралдардың болуын қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, ақаулы жабдықты ауыстыруды және материалдар мен қосалқы бөлшектер қорын толықтыруды дербес қамтамасыз етеді және тиісті шығыстарды өтеу туралы Тапсырыс берушіге қандай да бір қосымша талаптар қоймайды.

4.1.22. Қызметтер көрсету барысында Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, оны зақымдаудың, жоғалудың немесе жойылудың алдын алу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдау, сондай-ақ Тапсырыс берушінің, оның қызметкерлерінің, мердігерлерінің, субмердігерлерінің және өзге де контрагенттерінің өндірістік қызметіне кедергі келтіретін немесе бұзу қаупін тудыратын іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу. Тапсырыс берушінің мүлкіне залал келтірілген жағдайда Мердігер осындай залалды өтеуге міндетті.

4.1.23. Қызметтер көрсету кезінде Мердігер өз қызметкерлері тарапынан Тапсырыс берушінің аумағында қолданыстағы өткізу және объектішілік режимдерді, сондай-ақ Тапсырыс беруші белгілеген ішкі тәртіп ережелері мен қауіпсіздік талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер Тапсырыс берушінің аумағына есірткі құралдары, алкоголь өнімдері, тез тұтанатын, улы және өзге де қауіпті заттарды қоса, бірақ онымен шектелмей, тыйым салынған заттар мен бұйымдарды кіргізуге, әкелуге, сақтауға және пайдалануға жол бермеуге міндетті.

4.1.24. Тапсырыс берушінің аумағында өз қызметкерлерінің есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын, алкоголь өнімдерін, улы және масаңдық күй тудыратын өзге де заттарды тұтынуына жол бермеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ алкогольдік, есірткілік, улы немесе өзге де масаңдық күйде, не назарды, реакция жылдамдығын немесе еңбек міндеттерін қауіпсіз орындау қабілетін төмендететін заттардың әсерінде болған қызметкерлерді Қызметтер көрсетуге жібермеу және жол бермеу. Осындай қызметкерлер анықталған жағдайда Мердігер оларды Қызметтер көрсетуден дереу шеттетуге және Тапсырыс берушінің аумағынан шығаруға міндетті.

4.1.25. Мердігердің мердігерлік ұйымдарының өкілдері тарапынан Тапсырыс берушінің объектішілік және өткізу режимдерін бұзғаны үшін жеке жауапкершілікті сақтауды қамтамасыз ету.

4.1.26. Мердігердің қызметкерлері үшін еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және өзге де қауіпсіздік мәселелері бойынша кіріспе, бастапқы, қайталама, жоспардан тыс нұсқаулықтар өткізуді қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырыс берушінің талаптарында көзделген жағдайларда), сондай-ақ көрсетілген талаптарды Қызметтер көрсетуге жібергенге дейін және осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қызметкерлердің білімін тексеру мен сақтауын бақылауды ұйымдастыру.

4.1.27. Тараптардың көрсетілген Қызметтер туралы Актыға қол қойғаннан кейін және Мердігер Шарт бойынша толық соманы алғаннан кейін, Тапсырыс берушімен бірлесіп өзара есеп айырысулардың салыстыру Актысына қол қою арқылы жүргізілген өзара есеп айырысуларды салыстыруды жүргізу.

4.1.28. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шартқа № 10 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған ESG Сауалнама-анкетасын dalimqulova@akbastau.kazatomprom.kz электрондық поштасына жіберу арқылы ұсыну.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.7. «Құланды» кен орнында Тапсырыс берушіге тиісті қызметтер көрсететін тұлғадан тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді, Мердігер мен осындай тұлғаның арасында тікелей келісілген шарттармен сатып алу. Тапсырыс беруші көрсетілген құқықтық қатынастардың тарапы болып табылмайды, Мердігерге осындай қызметтерді көрсету мүмкіндігін кепілдік бермейді және оларды ұйымдастыру, төлеу немесе орындау бойынша қандай да бір міндеттемелер көтермейді. Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтердің құны Мердігер тарапынан дербес және өз есебінен төленеді және Тапсырыс беруші тарапынан өтелуге жатпайды.

4.2.8. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Орындаушыға енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға міндетті.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан ұстап қалуға не Мердігерге қайтаруға, не айыппұл, өсімпұл және залалдардың ұсынылған сомасын Мердігерден төлеуді талап ету.

4.4.7. Өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын бұзатын тұлғаларды өзінің аумағына кіргізбеу, сондай-ақ Мердігерден оларды дереу ауыстыруды талап ету. Аталған мән-жайларға байланысты туындайтын барлық ықтимал кешігулер Мердігерді көрсетілген Қызметтердің мерзімі мен сапасы бойынша міндеттемелерден босатпайды.

4.4.8. Мердігердің қызметкерлері (өкілдері) Тапсырыс берушінің аумағында белгіленген өткізу және объектішілік режимдерінің, ішкі тәртіптің ережелерін, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарын бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің аумағында болған бүкіл кезең ішінде алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде болуға жол берілмейді), Тапсырыс беруші Шарттың 7.2.9, 7.2.10 тармақшаларында

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

көрсетілген айыппұл санкцияларын Мердігерге қатысты тіркелген әрбір жағдай үшін қою құқығын өзіне қалдырады. Қайталама анықталған жағдай үшін Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзу құқығын өзіне қалдырады.

**5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі**

5.1. Қызметтер көрсетуді аяқтағаннан кейін немесе Қызметтер көрсетудің тиісті кезеңі аяқталғаннан кейін (егер кезеңділік осы Шартта көзделген болса), Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарттың 2.5-тармағында көзделген, көрсетілген Қызметтерді тапсыру және қабылдау үшін қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

5.2. Мердігер осы Шарттың 2.5-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынғанға дейін, Қызметтер қабылдауға ұсынылмаған болып есептеледі, ал Тапсырыс беруші көрсетілген бұзушылық жойылғанға дейін оларды қабылдаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Тапсырыс берушінің Қызметтерді қабылдау және төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындау мерзімі толық және тиісті түрде ресімделген құжаттар алынған күннен бастап қана есептеле бастайды.

5.3. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау кезінде Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің осы Шарттың, техникалық спецификацияның, Тапсырыс берушінің жазбаша өтінімінің (ол болған жағдайда) және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өзге де құжаттардың талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы. Бұған Қызметтердің көлемін, сапасын, көрсету мерзімдерін тексеру және Мердігердің осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді сақтауы кіреді.

5.4. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері тарапынан Мердігер ұсынған құжаттарды және көрсетілген Қызметтердің нәтижелерін тексергеннен кейін жүзеге асырылады.

5.5. Тапсырыс беруші ұсынылған құжаттарды қарайды және осы Шартта көзделген толық және тиісті түрде ресімделген құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген Қызметтерді қабылдауды жүзеге асырады.

5.6. Қабылдау нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші:

5.6.1. Көрсетілген Қызметтердің көлеміне, сапасына және осы Шарттың талаптарына сәйкестігіне қатысты ескертпелер болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген тиісті түрде ресімделген құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қызметтер көрсету Актіне қол қояды; немесе

5.6.2. Мердігерге Қызметтер көрсету Актіне қол қоюдан уәжді жазбаша бас тартуды, анықталған кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді және оларды жою мерзімін көрсете отырып жібереді.

5.7. Мердігер Тапсырыс берушінің уәжді бас тартуында көрсетілген кемшіліктерді өз есебінен және өз тәуекелімен, тиісті хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жоюға міндетті. Егер анықталған бұзушылықтардың сипатын ескере отырып, Тапсырыс беруші басқа мерзім белгілемесе, онда өзге мерзім қолданылады.

5.8. Анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шартта көзделген құжаттарды қайтадан ұсынады. Қайта қабылдау осы бөлімде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5.9. Тапсырыс беруші Мердігерге көрсетілген Қызметтердің көлемі және (немесе) сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде кәдімгі қабылдау тәсілімен анықталуы мүмкін емес кемшіліктерге (жасырын кемшіліктерге) қатысты шағым қоюға құқылы. Бұл құқықты Тапсырыс беруші тиісті кемшіліктер анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

5.10. Мердігер шағымды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оны қарап, Тапсырыс берушіге уәжді жазбаша жауап жіберуге міндетті. Көрсетілген мерзімде уәжді жауап ұсынылмаған жағдайда, бұл Мердігердің шағымда баяндалған талаптарды толық көлемде мойындағаны деп есептеледі.

5.11. Шағымды мойындаған жағдайда немесе белгіленген мерзімде уәжді жауап ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде анықталған кемшіліктерді өз есебінен және өз тәуекелімен тегін жоюға міндетті.

5.12. Тапсырыс берушінің Қызметтер көрсету Актіне қол қоюы Қызметтерді қабылдау фактісін қабылдау нәтижелері бойынша белгіленген көлемде және талаптарда ғана растайды және Тапсырыс берушінің Мердігерге жасырын кемшіліктерге, кәдімгі қабылдау тәсілімен анықталуы мүмкін емес өзге кемшіліктерге, сондай-ақ Мердігердің кепілдік міндеттемелерін немесе осы Шарттың өзге талаптарын бұзуына байланысты талаптар қою құқығынан айырмайды.

5.13. Осы Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтердің көлемі, сапасы немесе сәйкестігі туралы дау туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші тексеруді жүргізуге немесе тәуелсіз сарапшыны (мамандандырылған ұйымды) тартуға құқылы. Тексеру (сараптама) нәтижелері бойынша кемшіліктер Мердігердің кінәсінен туындағаны анықталған жағдайда, осындай тексеруді (сараптаманы) жүргізуге кеткен барлық шығындарды, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жоюға байланысты шығындарды Мердігер көтереді.

5.14. Мердігердің анықталған кемшіліктерді жоюы немесе Тапсырыс берушінің Қызметтер көрсету Актіне қол қоюы Мердігерді осы Шарттың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен, оның ішінде тұрақсыздық төлемін (айыппұлдар, өсімпұлдар) төлеу және Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеу міндеттілігінен босатпайды. Бұл міндеттер осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда туындайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

**6. Кепілдіктер және Сапа**

6.1. Мердігер осы Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтер осы Шарттың талаптарына, техникалық ерекшелігіне, Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына, міндетті нормативтік құжаттарға, сондай-ақ көрсетілетін Қызметтерге қойылатын өзге де талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді. Мердігер Қызметтерді көрсету технологиясын бұзу, сапасыз материалдарды пайдалану (олар қолданылған жағдайда), ақаулы жабдық немесе Мердігердің кінәсінен жіберілген өзге де бұзушылықтар салдарынан туындаған кемшіліктердің болмауына кепілдік береді.

6.2. Мердігер көрсетілген Қызметтердің нәтижесі үшінші тұлғалардың құқықтарын, соның ішінде зияткерлік меншік құқықтарын, айрықша құқықтарды, патенттік құқықтарды, зияткерлік қызмет нәтижелеріне және дараландыру құралдарына құқықтарды бұзбайтынына кепілдік береді. Көрсетілген құқықтарды бұзуға байланысты Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалар тарапынан талаптар қойылған жағдайда, Мердігер осындай талаптарды өз бетінше реттеуге және Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді.

6.3. Мердігер Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына, осы Шарттың талаптарына және техникалық ерекшелігіне сәйкес келетін ақаусыз жабдық, сапалы материалдар (олар қолданылған жағдайда), қажетті техникалық құралдар мен технологияларды пайдаланатынына кепілдік береді.

6.4. Мердігер Қызметтерді көрсету Тапсырыс берушінің жабдығының техникалық жағдайының нашарлауына, технологиялық процестің бұзылуына, өнеркәсіптік, экологиялық, өрт қауіпсіздігі мен еңбек қауіпсіздігі деңгейінің төмендеуіне, сондай-ақ Мердігердің кінәсінен туындаған өзге де жағымсыз салдарларға әкеп соқпайтынына кепілдік береді.

6.5. Көрсетілген Қызметтерге кепілдік мерзімі 20 құрайды және Тапсырыс берушінің Қызметтер көрсетілгені туралы Актыға қол қойған күнінен бастап есептеледі, егер осы Шартта немесе техникалық ерекшелікте өзге кепілдік мерзімі белгіленбесе.

6.6. Кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген Қызметтердің кемшіліктері немесе осы Шарттың талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша талабын алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде осындай кемшіліктерді өз есебінен және өз тәуекелімен жоюға міндетті. Кемшіліктерді жоюға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде материалдардың, жабдықтың құнын, көлік және өзге де шығындарды Мердігер көтереді.

6.7. Егер кемшіліктерді жоюдағы кешігу Мердігердің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.8. Мердігер кепілдік мерзімі ішінде анықталған көрсетілген Қызметтердің барлық кемшіліктері үшін жауапты болады, егер мұндай кемшіліктер қалыпты тозу салдарынан, Тапсырыс берушінің құқыққа қайшы әрекеттерінің салдарынан немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Шартқа сәйкес Мердігер жауаптылықта болмайтын өзге де мән-жайлар салдарынан туындағанын дәлелдесе.

**7. Тараптардың жауапкершілігі**

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Егер Мердігер осы Шартта белгіленген мерзімде Услугалардағы ішкі елдік құндылықтың есебін ұсынбаған жағдайда, немесе онда дәйексіз мәліметтер бар есепті ұсынған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін осы Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, немесе анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті, бірақ осы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауы тиіс.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.3. Өнім беруші белгіленген тәртіппен сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Өнім беруші міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауап береді, оны Өнім беруші төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдап алу - тапыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.4. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.5. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасынан 0,1% , бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - дан аспайтын мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе оларды орындау мүмкін болмаған жағдайда, не болмаса Орындаушы Қызметтердің барлығын немесе бір бөлігін көрсетпеген жағдайда, осы Шарттың 12-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Айыппұлды төлеу осы Шартта көзделген өсімпұлды есептеуге және жауапкершіліктің өзге де шараларын қолдануға қарамастан жүзеге асырылады.

7.2.7. Мердігер осы Шарттың 4.1.17 тармақшасында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.8. Егер осы Шартты орындаған кезде Мердігердің қызметкерлері, өкілдері, тартылған тұлғалары немесе субмердігерлері Тапсырыс берушінің мүлкіне зақым келтірсе, оны жойса немесе ұрласа, Тапсырыс берушінің мүлкін ұрлауға әрекет жасаса немесе Тапсырыс берушінің мүлкін ұрлауды жасауға немесе жасауға әрекеттенуге үшінші тұлғаларға жәрдемдессе, Мердігер әрбір осындай жағдай үшін Тапсырыс берушіге 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Айыппұлды төлеу Мердігерді Тапсырыс берушіге келтірілген зиян мен залалды толық көлемде өтеу міндетінен босатпайды, сондай-ақ осы Шарт пен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершіліктің өзге де шараларын қолдануды жоққа шығармайды. Тапсырыс беруші айыппұл сомасын және келтірілген зиян сомасын осы Шарт бойынша Мердігерге төлеуге жататын ақша қаражатынан ұстап қалуға құқылы.

7.2.9. Мердігер осы Шарттың 4.1.25 тармақшасында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.10. Мердігер осы Шарттың 4.1.26 тармақшасында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.11. Осы Шарттың 4.1.3 тармақшасына сәйкес Контрагент сауалнамасын уақтылы ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерден осы Шарт сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.3. Орындаушы осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

7.4. Егер Мердігер осы Шарттың 4.1.16 тармақшасында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Шарт өз күшін жояды және Тапсырыс беруші Тапсырыс беруші орындаушыны таңдау кезеңінде Мердігер енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге;

7.5.2. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде , бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуі тиіс.

7.5.3. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.7. Шарттың 7.2 тармағында көзделген бірнеше мән-жайлар туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші шектеусіз бірнеше айыппұл санкцияларын бір мезгілде қолдануға құқылы.

7.8. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаны үшін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін енгізілген сомадан Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын және соған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.

7.9. Шарттың 7.2 тармағының 7.2.4 және 7.2.6 тармақшаларында көрсетілген тұрақсыздық айыптарын төлеуден бөлек, Мердігер Тапсырыс берушіге көрсетілген тұрақсыздық айыптарынан тыс толық сомада, оның ішінде алынбаған кірісті қоса алғанда, залалдарды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өтейді.

7.10. Тапсырыс беруші регресс тәртібімен Мердігерден Шартты орындау кезінде экология және радиациялық қауіпсіздік саласындағы, сондай-ақ еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылатын талаптарын Мердігердің сақтамауына байланысты мемлекеттік органдардың және/немесе кез келген өзге де құзыретті/уәкілетті тұлғалардың тарапынан Тапсырыс берушіге қойылған және өндірілген барлық кез келген расталған талап-арыздардың/шағымдардың сомаларын өндіріп алуға құқылы.

7.11. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.12. Осы Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Шарт талаптарына немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Шарт тоқтатылғаннан кейін де күшінде қалатын міндеттемелерді қоспағанда, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін тоқтатуға әкеп соғады. Осы Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды оның қолданылу кезеңінде жіберілген міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

## 8. Құқықтарды (талаптарды) беру және факторинг

8.1. Құқықтарды (талаптарды) беру (цессия):

8.1.1. Мердігер Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарттан туындаған құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаларға толық немесе ішінара беруге (беруге) құқылы емес.

8.1.2. Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін алу үшін Мердігер талап ету құқығын (цессияны) беру шартын жасасудың болжалды күніне дейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге мынадай құжаттар мен мәліметтерді қоса тіркей отырып жазбаша өтініш жіберуге міндетті:

8.1.2.1. талап ету құқығын (цессияны) беру шартының жобасы;

8.1.2.2. талап ету құқығын беру жоспарланып отырған заңды тұлғаның толық атауы;

8.1.2.3. БСН;

8.1.2.4. заңды, пошталық және нақты мекенжайлары;

8.1.2.5. банктік деректемелері;

8.1.2.6. жаңа кредитордың атынан әрекет етуге уәкілетті басшы немесе өзге тұлға туралы мәліметтер;

8.1.2.7. беруге жоспарланып отырған талап ету құқығының мөлшері;

8.1.2.8. талап ету құқығын толық немесе ішінара беру туралы мәліметтер;

8.1.2.9. заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін растайтын құжаттар;

8.1.2.10. Тапсырыс берушінің негізді түрде сұратқан өзге құжаттары мен мәліметтері.

8.1.3. Тапсырыс беруші талап ету құқығын беру туралы келісімге себебін түсіндірмей бас тартуға құқылы. Осындай бас тарту осы Шарттың бұзылуы болып табылмайды және Мердігердің немесе болжамды жаңа кредитордың залалдарды, алынбаған кірісті, шығындарды немесе өзге де өтемақыларды өтеуді талап ету құқығының туындауына әкеп соқтырмайды.

8.1.4. Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін алғаннан кейін Мердігер талап ету құқығын беру шартын жасасқан күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге оны жасасқандығы туралы жазбаша хабарлауға және осындай шарттың куәландырылған көшірмесін ұсынуға міндетті.

8.1.5. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз талап ету құқығын беру шартын жасасу осы Шарттың бұзылуы болып табылады және Мердігердің Тапсырыс берушіге осы Шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеу міндеттілігін тудырады.

8.2. Факторинг (ақшалай талапты беруге байланысты қаржыландыру):

8.2.1. Осы Шарттан туындайтын ақшалай талап болып табылатын ақшалай талапты беруге байланысты қаржыландыру (факторинг) шартын жасауды көздеген жағдайда Мердігер осы Шарттың 8.2.2 тармақшасында көзделген тәртіпте және мерзімдерде Тапсырыс берушіні алдын ала жазбаша хабардар етуге міндетті.

8.2.2. Мердігер факторинг шартын жасасқанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге мынадай ақпаратты ұсынуға міндетті:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.2.2.1. факторинг шартының жобасы (болған жағдайда);

8.2.2.2. қаржы агентінің (фактордың) толық атауы;

8.2.2.3. БСН;

8.2.2.4. заңды, пошталық және нақты мекенжайлары;

8.2.2.5. банк деректемелері;

8.2.2.6. жетекші немесе өзге уәкілетті тұлға туралы мәліметтер;

8.2.2.7. берілетін ақшалай талаптың мөлшері;

8.2.2.8. берілген қаржыландырудың мөлшері (болған жағдайда);

8.2.2.9. ақшалай талапты беру күнінің болжамды мерзімі;

8.2.2.10. Тапсырыс берушінің негізді сұрауы бойынша факторинг шартына қатысты өзге құжаттар мен мәліметтер.

8.2.3. Факторинг шартын жасасқаннан кейін Мердігер 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіні оның жасасқаны туралы жазбаша хабардар етуге және факторинг шартының куәландырылған көшірмесін, сондай-ақ ақшалай талаптың ауысуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

8.2.4. Осы бөлімде көзделген хабарлама мен құжаттарды алғанға дейін Тапсырыс беруші өзінің ақшалай міндеттемелерін тікелей Мердігерге орындауға құқылы. Осындай орындау тиісінше орындалған болып есептеледі және Тапсырыс берушіні орындалған бөлігінде тиісті міндеттемелерден босатады.

8.2.5. Факторинг шартын жасасу осы Шарттың талаптарын өзгертпейді және Мердігерді осы Шарт бойынша өзге міндеттемелерді, соның ішінде көрсетілген Қызметтердің сапасы бойынша міндеттемелерді, кепілдік міндеттемелерді, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдар, өсімпұлдар) төлеу міндетін, залалдарды өтеу және осы Шарт толық орындалғанға дейін туындаған өзге міндеттемелерді орындау міндетінен босатпайды.

8.2.6. Факторинг шартын жасағанына қарамастан Тапсырыс беруші мынадай құқықты сақтайды:

8.2.6.1. осы Шартта көзделген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың), залалдардың және өзге ақшалай талаптардың сомаларын ұстап қалуға;

8.2.6.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзара біртекті талаптарды есепке жатқызуды жүргізуге;

8.2.6.3. осы Шартты орындамауға немесе тиісінше орындамауға байланысты талаптарды Мердігерге қоюға.

8.2.7. Мердігердің осы бөлімде көзделген хабарламаны және (немесе) құжаттарды ұсынбауы не оларды ұсыну мерзімдерін бұзуы осы Шарттың елеулі бұзушылығы болып табылады және Мердігердің Тапсырыс берушіге осы Шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеу міндеттілігін тудырады.

8.3. Осы Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) беру, мұндай берудің тәсіліне қарамастан, Тапсырыс берушінің осы Шартты тиісінше орындамауға байланысты талаптарды, соның ішінде айыппұлдар мен өсімпұлдар төлеу, залалдарды өтеу, кемшіліктерді жою туралы талаптарды Мердігерге қою құқығын, сондай-ақ ұстап қалу және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзара біртекті талаптарды есепке жатқызу құқығын шектемейді.

## 9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

9.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныста енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

9.3.1. Егер Тапсырыс берушінің Жарғысына және (немесе) қолданылатын заңнамаға сәйкес мұндай шешім қажет болған жағдайда Тапсырыс берушінің уәкілетті органы осы Шартты жасасу туралы корпоративтік шешім қабылдамаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзады.

9.3.2. Осы Шарттың 4.1 тармағының 4.1.3 тармақшасына сәйкес және осы Шартқа № 4 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мердігердің Тапсырыс берушіге толтырылған Контрагент сауалнамасын ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

9.3.3. Мердігерге қатысты комплаенс-тексерудің теріс нәтижелері анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

9.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

9.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

9.6. Тапсырыс берушінің осы Шартты орындаудан біржақты бас тартуы кезінде Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатылуының болжалды күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Мердігерге жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада бас тартудың негізі, орындалуы тоқтатылатын міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ осы Шарттың тоқтатылатын күні көрсетіледі.Осы Шарт тоқтатылған кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шарт тоқтатылған күнге дейін іс жүзінде көрсетілген және Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген тәртіппен қабылдаған Қызметтердің құнын төлейді. Мердігер көрсетілмеген Қызметтер үшін ақы төлеуді, шығындарды, залалдарды, жіберілген пайдасын өтеуді, шығындарды өтеуді немесе осы Шарттың тоқтатылуына байланысты өзге төлемдерді талап етуге құқылы емес.

## 10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқауларды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе қандай да бір шешімдерді ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше келісілмесе, онда мұндай хат алмасу негізсіз бас тартулар мен кешіктірулерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

10.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда жүзеге асырылуға тиіс кез келген хат-хабар, шағым, хабарламалар, есептер, сұраулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулар, тапсырыстар, сертификаттар немесе өзге хабарламалар алдын ала берілуге және қолма-қол табысталуға немесе пошталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, немесе электрондық пошта арқылы, кейіннен электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын ұсынумен жіберілуге тиіс.

10.4. Курьерлік пошта арқылы немесе өзге тәсілмен жіберілген кез келген хабарлама ертерек алынғанын растау болмаған жағдайда, берілген сәтте жеткізілді деп есептеледі.

10.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама поштаны жеткізуді растайтын пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөртаңбасы болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

## 11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Шарт төменде көрсетілген оқиғалардың ішінен кейінірек басталған күнінен бастап күшіне енеді: а) осы Шартты екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған күн; б) Тапсырыс берушінің Жарғысына және/немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес мұндай шешім қажет болған жағдайларда, Тапсырыс берушінің уәкілетті органының осы Шартты жасасу туралы корпоративтік шешім қабылдаған күні; в) Мердігердің Жарғысына және/немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес мұндай шешім қажет болған жағдайларда, Мердігердің уәкілетті органының осы Шартты жасасу туралы корпоративтік шешім қабылдаған күні.

11.2. Осы Шарт Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін немесе «Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанына дейін» деп жазу] дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысулар мен кепілдік міндеттемелер бөлігінде – олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

## 12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» деп Тараптардың бақылауына бағынбайтын және болжанбаған сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға, бірақ олармен шектелмей,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

әскери іс-қимылдар, табиғи немесе стихиялық апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалары жатады.

12.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайы туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкіндігі болмай қалған Тарап басқа Тарапқа еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылуының болжалды мерзімі және олардың себептері туралы жазбаша нысанда (хабарлама) осындай мән-жайлар басталған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға тиіс, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталған фактісін растайтын, орган және/немесе ұйым берген құжаттарды ұсынуға тиіс.

12.3. Міндеттемелерді орындау мүмкіндігі болмай қалған Тараптың өзі жауапкершіліктен босатылатын мән-жайлардың туындауы туралы хабарламау немесе уақытылы хабарламауы оны еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындау фактісіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

12.4. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам қатарынан жалғасса, онда әрбір Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы болады, ал бұл жағдайда ешбір Тарап басқа Тараптан ықтимал залалдарды өтеуді талап етуге құқылы болмайды.

## 13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

13.2. Егер мұндай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, кез келген Тарап бұл мәселені сот тәртібімен Шымкент қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап етуге құқылы. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

## 14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Тараптар Шарттың талаптарымен көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Тараптардың бірі бұзған жағдайда Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

14.9. Осы баптың 14.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн ішінде тергеп-тексеру жүргізуге және оның нәтижелерін басқа Тараптың мекенжайына ұсынуға міндетті.

14.10. Орындаушыда осы Шарт бөлімінің қандай да бір ережелері бұзылды немесе бұзылуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушінің Құпия хабарлау саясатына сәйкес хабарлама жіберуге құқылы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуы туралы хабарлау тәртібін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің мұндай хабарламаларды қарауын көздейтін Құпия хабарлау саясаты Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған.

14.11. Тапсырыс беруші өзінің қалауы бойынша Орындаушының қызметін, оның Шартты орындауға байланысты құжаттары мен жазбаларын тексеру құқығын өзіне қалдырады. Тапсырыс беруші мұндай тексерудің болжамды күніне дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей мұндай тексеру туралы жазбаша хабарлама беруге міндеттенеді және оны дербес немесе үшінші тұлғаны тарта отырып жүргізе алады.

14.12. Орындаушы Тапсырыс берушіден көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей аталған хабарламаны алғанын растауға және осындай хабарламаны алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде тексеру өткізу күнін растауға тиіс. Тексеру жүргізу кезінде Тапсырыс беруші немесе уәкілетті үшінші тарап Орындаушының қызметкерлерінен Шартты жасасу, орындау, бұзу шеңберінде немесе оған байланысты сұхбат алуы мүмкін.

14.13. Тексеру нәтижесінде Орындаушы берген кепілдіктері мен растауларын бұзу фактілері анықталса, Орындаушы көрсетілген анықтау күнінен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдауға және бұл шаралар туралы Тапсырыс берушіні жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шаралар Орындаушының қаражаты есебінен қабылдануға тиіс.

14.14. Егер Орындаушы тексеруден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдамаса, немесе сәйкессіздіктерді жою мүмкін болмаса, онда Тапсырыс беруші бұзушы Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты орындаудан соттан тыс біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

## 15. Орындаушының комплаенс-тексерісі

15.1. Шарттың 14-бөліміне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Тапсырыс беруші Орындаушының комплаенс-тексерісін жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

15.2. Комплаенс-тексеріс жүргізу барысында Тапсырыс беруші Орындаушыны ынтымақтастықтан бас тартуға негіздердің / теріс ақпараттың / өзге де мәліметтердің, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, кез келген заңсыз қызметке, соның ішінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне, ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қатыстылығын, Орындаушының, оның акционерлерінің/құрылтайшыларының/қатысушыларының, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияларға ілінген тұлғалар тізімінде болуы фактісін тексереді.

15.3. Комплаенс-тексеруге жатпайды:

15.3.1. «Ақбастау» БК» АҚ акционерлері;

15.3.2. «Ақбастау» БК» АҚ

15.3.3. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тобының құрамына кіретін ұйымдар.

## 16. Құпиялылық

16.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

16.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

## 17. Өзге де талаптар

17.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адал сенім артады. Орындаушы мыналарға кепілдік береді: (а) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді; Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан; (c) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

17.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, дұрыс емес және (немесе) дәл болмай шықса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабын алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушының осындай кепілдігінің нәтижесінде немесе дұрыс емес немесе анық болмауына байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

17.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

17.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

17.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

17.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

17.7. Жоғарыда баяндалған ережелерді шектеместен, Тараптар, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін Жаңа Санкцияларға байланысты заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгеше түрде мақсатқа сай болмаған жағдайда, 17.8-баптың ережелері басым тәртіппен қолданылуға тиіс екенін келіседі, бұл ретте Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша балама валютамен төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың Салдарларынан аулақ

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

болуға мүмкіндік берсе, және мұндай жағдайда 17.5 және 17.6-тармақтардың ережелері қолданылмайды.

17.8. Осымен Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен жүзеге асыру не теңге өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша орынсыз деп танылса, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенетінін растайды және келіседі, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны жазбаша нысанда хабардар етуге және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны (Тараптар келісетін валютаны көрсету) («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей төлемді сәтті жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

17.9. Осы Шартта өзгеше көзделмесе, егер осы Шартта қамтылған, олар бойынша төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуге тиіс кез келген сомалар көрсетілген, есептелген немесе айқындалған болса (оның ішінде 17.8-тармақты қолданған жағдайда, теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен), онда Тараптар осындай төлемдерді немесе есеп айырысуларды АҚШ долларымен жүзеге асыру мақсаттары үшін аталған сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне, төлем немесе есеп айырысу байланған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетінін келіседі.

17.10. Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды. Тараптар айырбастайтын Шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және басқа құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі тиіс.

17.11. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша түрде орындалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері.

17.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

**18. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері**

| | |
|---|---|
| "Ақбастау" бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы | _____ |
| Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Сарыжаз а., | _____ |
| квартал 021, 140 | _____ |
| БСН 061140001976 | БСН _____ |
| БСК HSBKKZKX | БСК _____ |
| ЖСК KZ706010291000315771 | ЖСК _____ |
| АО “Народный Банк Казахстана” | _____ |
| Тел.: +7 (725) 299-7390 | Тел.: _____ |
| _____ _____ | _____ _____ |

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Шарттың №1 қосымшасы**

## Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

| жолдың РБ № | Аталуы және қысқа сипаттамасы | Қосымша сипаттама | Жалпы саны | Саны | Өлшем бірлігі | ҚР ҚҚС белгісі | Сомасы | Жеткізу орны | Жеткізу шарттары | Жеткізу мерзімі | Төлем шарттары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 153 У | Құрылыс қызметі саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтер, Құрылыс қызметі саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтер | "Түркістан облысы, Созақ ауданы, "Ақбастау "БК" АҚ"Құланды" кенішінде 2 автомобильге Автожуу құрылысы " техникалық қадағалау жөніндегі қызметтер | 1.000 | 1.000 | - | | 5 862 642 | ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Сарыжаз а., месторождение Буденовское, рудник "Куланды" | - | Шартқа қол қойылған күннен бастап 180 күнтізбелік күні | Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0% |

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Шарттың №2 қосымшасы**

**Техникалық сипаттама**

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Шарттың №3
қосымшасы**

**Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу**

**_____ жылғы №_____**

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

| р/б № | Орындаушы/ Қосалқы мердігер | Шарттың нөмірі | Шарттың бағасы | Қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушылары болып табылмайтын ұйымдармен жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық бағасы | коэффициент 1 тең, егер шартты қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушысы орындайтын болса, әйтпесе коэффициент 0 тең; | Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7(=(4-5)*6) |
| | | | | | | 0,00 |
| | | | | | | 0,00 |

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

| р/б № | Орындаушы | Келісім-шарт | Шарттың күні | Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы | Шартта елішілік құндылықты, % |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 (=∑7(кесте 1)/5*100%) |
| | | | | | 100 |

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Договор о закупке услуг №_____**

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Совместное предприятие "Акбастау", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора. В случае если закупаемые Услуги подпадают под регулирование пункта 10-1 Порядка, Заказчик на постоянной основе осуществляет мониторинг исполнения поставщиком/соисполнителем обязательств, предусмотренных пунктом 10-1 статьи 61 Порядка.

**1. Предмет Договора**

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги по техническому надзору за строительством объекта «Строительство автомойки на 2 автомобиля на руднике «Куланды» АО «СП «Акбастау» согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

1.2. Перечисленные ниже приложения и содержащиеся в них условия образуют настоящий Договор и являются его неотъемлемой частью, а именно:

1.2.1. Перечень приобретаемых товаров, работ и услуг - Приложение № 1 к Договору;

1.2.2. Техническая спецификация – Приложение № 2 к Договору;

